

**"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 4 шілдедегі № 932 Жарлығына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 5 мамырдағы № 1264 Жарлығы.

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 4 шілдедегі № 932 Жарлығына мынадай толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес туралы ережеде:

5-тармақтың 9) тармақшасындағы "есепті қарауды жүзеге асырады." деген сөздер "есепті қарауды;" деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

"10) Ұлттық стратегиялық крипторезервті басқару нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті қарауды жүзеге асырады."

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ.Тоқаев*